

## **Б.Н.Ельцин мен Н.Ә.Назарбаевтың Бірлескен мәлімдемесін іске асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1998 жылғы 4 ақпандағы N 32

Ресей Федерациясының Президенті Б.Н.Ельцин мен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Бірлескен мәлімдемесін іске асыру мақсатында:

1. Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясымен, Сыртқы істер министрлігімен, Әділет министрлігімен, Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен, Көлік және коммуникациялар министрлігімен, Қорғаныс министрлігімен, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, Экология және табиғи ресурстар министрлігімен, Қызылорда облысының әкімімен бірлесіп үстіміздегі жылдың 8 ақпанына дейін мерзімде "Байқоңыр" кешеніне байланысты проблемаларды қарасын және ұсыныс енгізісін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Әділет министрлігі, Қорғаныс министрлігі, "Қазақойл" ҰМК, Казгеодезия үстіміздегі жылдың 8 ақпанына дейін мерзімде Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияның жобасын пысықтасын және е н г і з с і н .

3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі "Қазақойл" ҰМК-ның, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің, Көлік және коммуникациялар министрлігінің қатысуымен үстіміздегі жылдың 8 ақпанына дейін мерзімде мұнайды Батыс Қазақстандағы кен орындарынан дүниежүзілік рыноктарға тасымалдауға арналған мұнай құбырларының құрылысын жандандыру және пайдалануға қосу жөнінде ұсыныс енгізісін.

4. Сыртқы істер министрлігі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттік, Қаржы министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Әділет министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ұлттық Банк (келісім бойынша), Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), "Барлау" қызметі (келісім бойынша), "Қазақойл" ҰМК Ресей Федерациясының Президенті Б.Н.Ельциннің Қазақстан Республикасына ресми сапарына дайындалуға кіріссін. Белгіленген тәртіппен Ресей тарабымен келісілген тиісті құжаттарды қол қою үшін енгізісін.

5. Осы өкімнің атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары Ж.С.Кәрібжановқа жүктелсін.

П р е м ь е р - М и н и с т р

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК